

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастықты тереңдету туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 22 мамыр N 613

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1998 жылғы 24 қазанда Баку қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық ынтымақтастықты тереңдету туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан
Республикасының Үкіметі арасындағы Экономикалық
ынтымақтастықты тереңдету туралы
Келісім

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 4, 36-құжат)
(1999 жылғы 17 шілдеде күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,
Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 80 бет)

Бұдан былай Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының
Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі,

1996 жылғы 16 қыркүйектегі Каспий теңізінің мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев пен Әзербайжан Республикасының Президенті Г.А.Алиевтің Бірлескен Мәлімдемесінің, 1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы Ынтымақтастықты одан әрі дамыту және тереңдету туралы бірлескен декларацияның,

1997 жылғы 10 маусымдағы Қазақстан Республикасы мен Әзербайжан Республикасының арасындағы Халықаралық рыноктарға мұнайды тасымалдаудағы ынтымақтастық туралы меморандумның ережелерін, сондай-ақ басқа да екі жақты құжаттарды басшылыққа ала отырып,
мемлекетаралық интеграция экономикалық дамудың аса маңызды элементтерінің бірі болып табылатынын есепке ала отырып,
еңбекті халықаралық бөлісудің, өндірісті мамандандырудың және кооперациялаудың, өз елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуының мақсаттарына қол жеткізу үшін өзара пайдалы сауданың артықшылықтарын пайдалана отырып, тең құқықты әрі өзара пайдалы сауда-экономикалық және өндірістік қарым-қатынастарды одан әрі нығайту және дамыту, оларға ұзақ мерзімді және тұрақты сипат беру, екі мемлекеттің экономикалық әлеуетін тиімді пайдалану және олардың халқының әл-ауқатын көтеру қажеттілігіне сүйене отырып,
өз мемлекеттерінің өндірістік және интеллектуалдық әлеуеті өзара тиімді пайдалану қажеттілігін растай отырып,
экономикалық реформаларды жүзеге асыруды үйлестіруге, тауарлардың, қызмет көрсетулердің, капиталдардың және жұмыс күшінің еркін ауыспалылығына кезең-кезеңмен көшу үшін жағдайлар жасауға зор маңыз бере отырып,
жан-жақты ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге ұмтыла отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Тараптар экономикалық ынтымақтастықты ұзақ мерзімді әріптестік, теңдік пен өзара пайда принциптерінде, меншік нысанына және бағыныстылығына қарамастан екі мемлекеттің шаруашылық жүргізуші субъектілері арасында тікелей байланыстар орнату жолымен, халықаралық құқықтың жалпы жұрт таныған нормалары мен принциптеріне сәйкес, екі мемлекеттің ұлттық мүдделерін ескере отырып жүзеге асырады.

2 - б а п

Ортақ экономикалық кеңістікті кезең-кезеңмен қалыптастырудың және дамытудың қажеттілігін мойындай отырып, Тараптар халықаралық құқық нормаларын сақтаумен және де Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес сыртқы экономикалық қызмет саласында нормативтік-құқықтық базаны жақындастыру, инвестицияларды

көтермелеу және өзара қорғау, кәсіпкерлікті қолдау мен дамыту, жекешелендіруге қатысу жөнінде қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

3 - б а п

Тараптар ұлттық тауар өндірушілерді қолдау және қорғау шараларының жүйесін әзірлейді әрі жүзеге асырады;
трансұлттық бірлестіктердің, қаржы-өнеркәсіптік топтардың,

холдингтердің, кооперация негізіндегі бірлескен өндірістік құрылымдардың құрылуын көтермелейді;

өз мемлекеттерінің аумақтары арқылы транзит үшін Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңдарына сәйкес қолайлы жағдайлар жасайды;
ортақ мүддені білдіретін экологиялық проблемаларды шешуде, ғылыми-ізвестіру зерттеулерін жүргізуде өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

4-бап

Тараптар:

Каспий теңізінің биологиялық жүйесін қорғау және сақтау жөніндегі шараларды келісуге;

болжау-ізвестіру модельдерін және минералдық шикізаттың кен орындарына баға беруді қалыптастыруға;

Каспий теңізіне қатысты басым жобаларда өзара іс-қимыл жасауға;

неғұрлым перспективті бағыттар бойынша халықаралық рыноктарға көмірсутегі шикізатын тасымалдаудың мүмкін болатын нұсқаларын бірлесіп қарауға көмектесу н и е т і н к ө з д е й д і .

5 - б а п

Тараптар өздерінің 1998 жылғы 8 қыркүйектегі Еуропа-Кавказ-Азия

дәлізін дамыту жөніндегі халықаралық көлік туралы негізгі көп жақты келісімнің ережелеріне адалдығын білдіріп:

экономиканы интеграциялау және сауда-экономикалық байланыстарды екі жақты, сондай-ақ көп жақты деңгейлерде жандандыру мақсатында Еуропа-Кавказ-Азия көлік дәлізін пайдалану саласында өзара іс-қимыл

жасауға;

Ақтау қаласы мен Баку қаласы айлақтарының қазіргі бар қуатын транзит үшін белсенді түрде пайдалана отырып, бұдан былай да аймақтық ынтымақтастықты дамытуға және Тараптар мемлекеттерінің екі айлағы арасындағы паромдық өткелді қалпына келтіру мәселесін бірлесіп пысықтауға келісті.

6-бап

Тараптар бірлескен қазақстан-әзербайжан үкіметаралық комиссиясын құрады, оған мынадай міндеттерді:

осы Келісім ережелерінің орындалуына бақылау жасау және оны үйлестіру; ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді Бағдарламасын және оны іске асыру жөніндегі шаралардың жыл сайынғы Жоспарын әзірлеуді жүктейді.

7-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсінуге және қолдануға қатысты даулар консультациялар және келіссөздер жолымен реттелуге жатады.

8-бап

Осы Келісім Тараптардың өзге де халықаралық шарттарынан туындайтын құқықтары мен міндеттемелеріне әсер етпейді.

9-бап

Осы Келісімге енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамайтын бөлігі болып табылатын жеке Хаттама түрінде ресімделетін болады және ол 10-баптың ережелеріне сәйкес күшіне енеді.

10 - б а п

Осы Келісім Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажет мемлекетішілік процедураларды орындағанын растайтын соңғы жазбаша хабарламасы түскен күннен бастап күшіне енеді және 5 жыл бойы қолданыста болады.

Егер Тараптардың ешқайсысы осы Келісімнің қолданылу мерзімінің

аяқталуына дейін 6 ай бұрын оның қолданысын тоқтататын өз ниеті туралы екінші Тарапты жазбаша хабардар етпесе, оның қолданыс мерзімі келесі 5 жылға өздігінен ұзартылатын болады.

Осы Келісімнің қолданысын тоқтату ынтымақтастықтың ұзақ мерзімді Бағдарламасына сәйкес іске асырылатын жобаларды жүзеге асыруға әсер етпейді.

Баку қаласында 1998 жылғы 24 қазанда әрқайсысы қазақ, әзербайжан және орыс тілдерінде екі дана болып жасалды және де барлық мәтіндердің күші бірдей.

Қазақстан Республикасының	Әзербайжан Республикасының
Үкіметі үшін	Үкіметі үшін

Мамандар:

Орынбекова Д.

Нарбаев Е.